

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қызметі

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2024



Мазмұны



ДББҰ туралы

2024 жылда жеткен негізгі 10 жетістік.....	5
Жыл бойында өткен негізгі оқиғалар	9
Корпоративтік басқару	11
Стратегия – 2035	13

1-БӨЛІМ. НЗМ: КЕМЕЛДІККЕ ҰМТЫЛУ

1. Оқушылар контингенті	17
2. Оқушыларды жан-жақты дамыту	25
3. Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы	41
4. Мектеп қауымдастығының әл-ауқаты	55
5. Білім беру сапасын бағалау.....	61
6. Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері	71




2-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН: БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛДЫ ДАМУ

1. Білім беру ресурстары	83
2. Қосымша білім	91
3. ҚР мұғалімдерінің кәсіби дамуы, білім беру саласындағы өзгерістердің көшбасшыларын даярлау.....	97
4. Қазақстан мектептерінің кәсіби қоғамдастығын дамыту.....	103
5. Білім беру ұйымдарын бағалау және аккредиттеу жөніндегі тәуелсіз агенттік	111



3-БӨЛІМ. ӘЛЕМ: GLOBAL EDUCATION BRAND

1. Nis-programme білім беру бағдарламасының және nis сертификатының танылуы	115
2. Халықаралық серіктестік	119
3. Халықаралық байқаулар, конференциялар	125



4-БӨЛІМ. ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

1. Іргелі негіздер	131
2. Негізгі қолдаушы факторлар	141
3. Ұйымның трансформациясы	157



ҚОСЫМША

Глоссарий	163
Халықаралық олимпиадалар мен байқаулар жүлдегерлерінің тізімі.....	165

2024 жылда жеткен негізгі 10 жетістік

1

ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясы

Бұл жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы 2035 жылға дейінгі даму стратегиясын бекітті. Стратегияда оқушыларды жан-жақты дамытуға, мұғалімдердің кәсіби өсуіне, елдің білім беру саласында зияткерлік капиталды дамыту және NIS-тің әлемдік білім беру кеңістігінде танылуына айрықша басымдық берілген.



2

ANIS Қазақстанның 110 мектебінде Kiva® буллингке қарсы бағдарламасын іске қосты

Буллингтің өрістеуі және мектеп атмосферасы жөнінде ақпарат жинау үшін өткізілген алғашқы мониторингке 97 526 оқушы тартылып, 435 педагог оқыту семинарларына қатысты. Мектептерге 2640 әдістеме материалы жіберілді.



3

NIS оқушылары халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайыстарында 322 медаль алды, оның ішінде: 71 алтын, 122 күміс, 129 қола медаль және 17 мадақтау грамотасы

«Олимпиаданың үздік командасы – 2024» аталымы бойынша гран-при (қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану және математика ғылымдары бағыттарында). Танымал халықаралық олимпиадалардың 7 жеңімпазы жалпы сомасы 14 768 000 теңге болатын ақшалай сыйлық иегері атанды. 86 авторлық құқық және 3 патент тіркелді.



4

2118 оқушы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқуын аяқтап, 98,8%-ы білімін жоғары оқу орындарында жалғастырды, 92,3%-ы білім беру гранттарын жеңіп алды

71,2% – отандық университеттерге
27,6% – шетел университеттеріне
5 түлек – Айви лигасы университеттеріне
1 түлек – MIT-ге
106 түлек – QS нұсқасы бойынша ТОП-100 қатарындағы университеттерге оқуға түсті



5

«NIS-Programme» білім беру бағдарламасы мен түлектерге берілетін «NIS Grade 12 Certificate» сертификатын 5 отандық және 8 шетелдік университет таныды

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ The Association for International Credential Evaluation Professionals (TAICEP) халықаралық қауымдастығының WIKI тізіміне енгізілді. Wiki TAICEP дерекқорына ену NIS-те берілетін білімнің деңгейі жоғары екенін дәлелдейді. Жалпы «NIS-Programme» білім беру бағдарламасы мен «NIS Grade 12 Certificate» сертификатын ҚР 23 жоғары оқу орны мен 68 шетелдік жоғары оқу орны таниды.



2024 жылда жеткен негізгі 10 жетістік

6

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 523 педагогі кәсіби байқаулар мен форумдарға қатысты

Халықаралық деңгейде – 298
Республикалық деңгейде – 225



7

Педагогикалық шеберлік орталығы Еуропа аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтының (ACQUIN) аккредитациясынан өтті

Елімізде алғаш рет Педагогикалық шеберлік орталығы Еуропа аккредитация, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтының (ACQUIN) аккредитациясынан өтті. Бұл жаңа жетістік Қазақстанның жаһандық білім кеңістігімен интеграцияланып жатқанын көрсетеді.



8

NIS Педагогикалық шеберлік орталығы Дүниежүзілік Lesson Study қауымдастығының WALIS 2024 халықаралық конференциясын өткізді

Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып білім беру саласында ең танымал саналатын әлемдік форум өткізіп, 30 елден делегация қабылдады.



9

Кітап «Mapping the Changes in Kazakhstan»

WALS 2024 аясында Кембридж университетінің профессоры Колин Маклафлин, Нархоз университетінің қауымдастырылған профессоры Назипа Аюбаева және САНИ Эмпайр университетінің (АҚШ) қауымдастырылған профессоры Али Айт Си Мхамед шеберлік сабағында «Mapping the Changes in Kazakhstan» кітабын таныстырды. Бұл кітапта Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Қазақстандағы білім беру жүйесін дамытуда көшбасшы саналатыны, оның қызметінің маңызды екені айрықша аталады.



10

Зияткерлік мектептің жас инженерлері туралы кітап жарық көрді

Атап айтқанда, Әсет Сыздықов «Алматинское чудо» атты жаңа кітабын – өмірде болған оқиғаларға негізделіп жазылған көркем шығармасын таныстырды. Сюжет желісіне Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп оқушыларының «Шабдалы» жас инженерлер тобының бір кезеңдегі іс-әрекеті арқау болған. Топ 2022 жылдың қазан айында робот техникасынан Женевада өткен әлем чемпионатында жеңіске жетіп, қазылар алқасын тамсандырып, керемет инженерлік шеберліктерін көрсетеді.

Биыл Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің командасы Грекияда өткен First Global Challenge байқауында робототехникадан үшінші рет әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Команда 2023 жылы Сингапурда жеңіске жеткен болатын.



Жыл бойында өткен негізгі оқиғалар

1

Қаңтар

Beuim экожүйесінің негізгі элементі «Beuim Ustaz» платформасы іске қосылды. Платформа мұғалімдердің білігін көтеру курстары мен ресурстарын ұсынады. Сондай-ақ жатақханада тұруға өтінім беру және өтінімдерді қадағалау үшін E-otinish қызметі іске қосылып, қазіргі кезде 7718 өтінім қанағаттандырылды. Тест пен емтиханға дайындалу үшін Beuim сунақ мобильді қосымшасы жұмыс істей бастады.

2

Ақпан

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрағасының қатысуымен ата-аналардың I республикалық кеңесі өтті. Кездесу білім берудің өзекті мәселелерін және ата-аналар мен мектептердің өзара іс-қимылын талқылаған маңызды алаңға айналды.

3

Наурыз

ДББҰ-ның Жоғары Қамқоршылық кеңесі ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясын (№15 хаттама) бекітті.

6

Маусым

ДББҰ Басқарма Төрағасының басшылығымен 22 Зияткерлік мектептің 44 мұғалімінен тұратын Педагогтер кеңесінің алғашқы отырыс өтті.

5

Мамыр

Қазақстанның 110 мектебіне пилоттық режимде буллингтің алдын алу және қауіпсіз мектеп ортасын құруға бағдарланған Kiva бағдарламасы енгізілді. Оқушылардан сауалнама алынып, қызметкерлерге тренингтер, Kiva сабақтары өткізілді. Сондай-ақ буллинг жағдайларын талдайтын топтар құрылды.

4

Сәуір

Педагогтердің білігін көтеруді бағалау шеңберінде зерттеу жасалып, Cogent Education (Scopus, Q2) журналында «Professional development training can help teachers to build resistance against teaching associated stress» тақырыбында мақала жарияланды.

7

Шілде

Alumni NIS ауылдардан келген әлеуметтік осал топ санатына жатқызылатын оқушыларға грант тағайындады.

8

Тамыз

«Жаңа технологиялар дәуіріндегі академиялық адалдық» тақырыбында Тамыз конференциясы өтті. Жиын Зияткерлік мектептердің 100-ге жуық мұғалімін офлайн, 3500-ден астам қатысушыны онлайн режимде біріктірді. Сондай-ақ осы күндерде жас педагогтердің тәжірибе алмасу және кәсіби өсу алаңына айналған маңызды оқиға — республикалық «Жас ұстаз: табысқа жеткізер жол» форумы өтті.

9

Қыркүйек

Қазақстанда WALIS – 2024 халықаралық конференциясы болды. Конференцияға 664 адам қатысты, оның 498-і қазақстандықтар, 166 адам 27 елден: Жапония, Малайзия, АҚШ, Гонконг, Сингапур, Норвегия, Ұлыбритания, Германия, Франция, Малави, Шри-Ланкадан және т.б. келгендер. ТМД елдерінен Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан делегациялары қатысты.

12

Желтоқсан

2024 жылы тәуелсіз сарапшылар тобы сапарларының қорытындысы бойынша 9 мектеп: Шымкент (2), Тараз, Талдықорған, Қызылорда, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар және Оралдағы мектептер CIS халықаралық аккредитациясынан өтті.

11

Қараша

НЗМ ДББҰ мен Кембридж арасындағы аккредиттеу келісімі шеңберінде ынтымақтастықтың бірінші жылының қорытындысына шолу жасалды. Білім беру саласындағы негізгі мәселелер: біліктілікті аккредиттеу, бағалаудағы инновациялар және жасанды интеллектінің әсері талқыланды.

10

Қазан

7 беделді олимпиаданың қорытындысы бойынша 2024 жылдың 17 қазанында Астанада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Е.Т. Карин халықаралық олимпиада жеңімпаздарымен кездесті. Бұл кездесуге Зияткерлік мектептердің 1 алтын, 2 күміс, 2 қола медальға ие болған бес оқушысы қатысты. Оқушыларға 4 000 АЕК мөлшерінде немесе 14 768 000 теңге болатын ақшалай сертификаттар табысталды.


«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқару органдары және басқарма құрылымы



19 345
оқушы



2 700
педагог



2024 жылы өткен жиындар:

- ДББҰ мәселелері бойынша Жоғары қамқоршылық кеңестің 3 отырысы
- Қамқоршылық кеңестің 6 отырысы
- Басқарманың 64 отырысы

ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясы

Миссия

Біз отандық және халықаралық үздік тәжірибені үйлестіріп, ұлттық және жаһандық деңгейде зияткерлік әлеуетін көтеруге ұмтыламыз

Құндылықтар

- Құрмет
- Ашықтық
- Отансүйгіштік және жауапкершілік
- Еңбекқорлық және шығармашылық
- Адалдық
- Отбасы құндылықтары мен дәстүрлері
- Денсаулық пен әл-ауқат
- Жаһан азаматы



Ұстаным

- Біздің мектептер оқушылардың, педагогтердің және барша мектеп қоғамдастығының академиялық жетістікке жетуіне, жайлы ортада дамуына ықпал ететін білім мен тәрбиені ұштастыру философиясын ұстанады
- Біз педагогтердің үздіксіз кәсіби даму, өзара тәжірибе алмасу арқылы өзгерістер көшбасшысы болуына мүмкіндік беріп, Қазақстандағы білім беру сапасын көтеруге үлес қосамыз
- Қазақстанның білім беру жүйесінің беделін көтеруге ұмтылысымыз жаһандық білім беру аренасында көрінуде

Стратегиялық бағыттар

НЗМ: КЕМЕЛДІККЕ ҰМТЫЛУ



ҚАЗАҚСТАН: БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛДЫ ДАМУ



ӘЛЕМ: GLOBAL EDUCATION BRAND



1

бөлім

НЗМ: кемелдікке ұмтылу

1. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ	17
1.1. Зияткерлік мектептер желісі мен оқушылар контингенті	17
1.2. Оқушыларды конкурс арқылы іріктеу	19
1.3. Виртуал және демалыс мектебі	23
2. ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ	25
2.1. Интеллектуалды даму	27
2.2. Қазақстандық бірегейлікті дамыту	33
2.3. Әлеуметтік-эмоциялық даму	35
2.4. Физикалық даму	36
2.5. Рухани даму	37
2.6. Түлектер қауымдастығы	39
3. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҒЫ	41
3.1. Педагог мамандарды іріктеу және кадр резерві	41
3.2. Кәсіби маман әлеуеті	43
3.3. Кәсіби даму және өсу	45
Тамыз конференциясы	47
Семинарлар, тренингтер, вебинарлар	49
3.4. Педагогтердің жетістіктері	53
4. МЕКТЕП ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ	55
4.1. Оқушылардың әл-ауқаты	55
4.2. Мұғалімдердің әл-ауқаты	56
4.3. Психологиялық қызмет	57
4.4. Мектептегі медициналық қызметтердің жұмысы	59
4.5. Оқушылардың мектепте тамақтануы	60
5. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ	61
5.1. Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингісі	61
5.2. Зияткерлік мектептердегі критериал бағалау жүйесі	63
5.3. 12-сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалау	65
5.4. Оқушылардың бейтаным дағдыларын бағалау	67
5.5. Зияткерлік мектептерді аккредиттеу	69
6. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	71
6.1. Оқу үлгерімі және білім сапасы	71
6.2. Оқушылардың республикалық олимпиадалардағы, конкурстардағы жетістіктері және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері	73
6.3. Халықаралық емтихандар нәтижелері	77
6.4. Түлектердің жоғары оқу орындарына түсуі	79



1. Оқушылар контингенті

1.1. Зияткерлік мектептер желісі мен оқушылар контингенті



17 970

Зияткерлік мектептердегі
оқушылар саны



19 345

Желі бойынша
оқушылар саны



2024 жылдың соңындағы жағдай: 21 Зияткерлік мектепте **17970** оқушы оқиды (кестені қараңыз), Астана қаласындағы Халықаралық мектепте – **1375**, балабақшада – **147** бала. Үш жыл ішінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылар контингенті 11%-ға өсті (1921 оқушы).

Оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы


Басқа




Назарбаев Зияткерлік мектептерінде әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан оқушылар білім алады. 2024 жылдың 1 қазанындағы мәліметке сәйкес Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқушылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі: көп балалы отбасылардың балалары (24,1%), толық емес отбасылардың балалары (11,4%), ауылдардан келген балалар (11%), ата-анасы зейнеткер балалар (2,7%), мүмкіндігі шектеулі ата-аналардың балалары (1,1%) және басқа санаттар. Үш жыл ішінде ауылдардан келген оқушылар саны 1,4%-ға артты.

1.2. Оқушыларды конкурс арқылы іріктеу


2022–2024 жылдардағы конкурс арқылы іріктеу нәтижелерінің сандық дерегі



2024 жылы қала мен ауылдан келген үміткерлердің арақатынасы



Жалпы үміткерлердің және конкурста бір орынға түскен үміткерлер саны (2024)



В 2024 жылы кешенді тестілеуге **27 361** үміткер қатысты.

11415 (41,7%) үміткер шекті балл жинады: **7 189** үміткер (63%) – қазақ тілінде, **4 226**-сы (37%) орыс тілінде оқитындар.


Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша «Өркен» гранты **2 932** үміткерге берілді.

1 орынға **10,3** адамнан бақ сынасты.


Есеп кезеңінде кешенді тестілеу бойынша барлық үміткердің орташа балы 733,5 балл болды. Бұл көрсеткіш 2023 жылғы конкурс көрсеткішінен (739,6 балл) 5,9 балға төмен. Ал грант иегерлерінің орташа балы 2022–2023 жж. көрсеткіштерінен 16,7 және 38,6 балға жоғары.

Соңғы үш жылдағы кешенді тестілеу нәтижелерін салыстырып талдағанда, 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы көптеген бөлім бойынша орташа балдың көтерілгені байқалады. Атап айтқанда, «Математика», «Сандық сипаттамалар», «Жаратылыстану» және «Ағылшын тілі» бөлімдерінде оң үрдіс байқалады – 2024 жылы бұл пәндер нәтижелері алдыңғы кезеңдерге қарағанда жоғары болып шықты.

2022–2024 жылдарда кешенді тестілеуге қатысқан үміткерлердің нәтижелері



Жаратылыстану және математика бағытындағы пәндерден оқу қабілеттерін бағалаудан және тілдік тесттен үміткерлердің орташа балы (үш жыл бойынша)
(максимал ұпай: математика – 400 б., сандық сипаттамалар – 300 б., жаратылыстану – 200 б. және әр тілден – 200 б.)



1.3. Виртуал және демалыс мектебі

2024 жылы «Виртуал мектеп» жобасын іске асыру

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарына қатысушылардың саны:



Соның ішінде қорытынды
тестілеуде шекті балл жинап,
одан әрі оқуға көшкендер



2024 жылы «Демалыс мектебі» жобасын іске асыру

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарына қатысушылардың саны:

[Басты бет](#) [Конкурстық іріктеу](#) [Нұсқаулық](#) [Байланыс](#) [Жиі қойылатын сұрақтар](#)

ВИРТУАЛДЫ МЕКТЕП – NIS

«Өркен» білім беру гранты бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарында оқуға конкурстық іріктеуге дайындалу мақсатында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің 5 және 6-сынып оқушыларына арналған

[КІРУ](#)



2. Оқушыларды жан-жақты дамыту

Оқушыларды жан-жақты дамыту компоненттері



Мақсат – оқу барысында Зияткерлік мектеп оқушыларының жан-жақты дамуына жағдай жасау

Білім берудің барлық үдерісі бойынша:



NIS-Programme



Оқушылардың жайлы ортада білім алуы



Қосымша білім



Бейтаным дағдыларды бағалау, өлшеу




Дамуды цифрлық басқару

2.1. Интеллектуалды даму

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның NIS-Programme
білім беру бағдарламасын жетілдіру және енгізу

1-диаграмма. NIS-Programme бағдарламасын қайта қарау және іске асыру кестесі



Жоғары мектептің оқу бағдарламаларын жаңарту (11–12 сыныптар)

Жоғары мектеп бағдарламаларын қазіргі заман талабы және ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім және дағдылар: білім беру – 2030» жобасының тәсілдемелерін ескеріп жаңарту жұмысы аяқталды.

11-сыныпқа арналған 22 ортамерзім жоспары қайта қарау нәтижесінде Зияткерлік мектептердегі оқу үдерісі өмірде қажет негізгі құзыреттіліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тәжірибемен ұштаса түсті.

Негізгі мектепте тіл сауаттылығын дамыту (7–10 сыныптар)

Негізгі мектептің тіл пәндерінен оқушылардың оқу сауатын, сыни ойлауын және талдау дағдыларын дамытуға бағытталған 10 бағдарлама әзірленді: «Қазақ тілі мен әдебиеті» Т1, «Русский язык и литература» Я1.

NIS Programme
in Partnership with Cambridge



Жоғары мектептің **9**
бағдарламасы A/AS Level
стандарттарына сәйкестігін
растау мақсатымен Кембридж
бағалау Кеңесіне сараптамаға
жіберілді



Орталықтың **26** қызметкері
Кембридждің бағалау кеңесі мен
НЗМ ДББҰ арасындағы келісім
негізінде «Effective Curriculum
Implementation: Monitoring,
Reporting and Research»
тренингіне қатысты

Инженерлік және жобалық ойлауды қолдау

7–8 сынып оқушыларына арналған 10 электив курс

- «Инженерлік ғылым негіздері» * (міндетті)
- «Кесенелер құпиясы»
- «Дала және орман экожүйелерін зерттеу, сақтау және басқару»
- «Тарихтағы экономика»
- «Медиа кілті: ақпаратты сыни бағалау»
- «STEM шығармашыл әлемі»
- «ECOART»
- «Қазақ дәстүрлі музыкасы»
- «Тарих және өнер»
- «Тарих және тұлға»

Оқушылардың функционалдық сауатын көтеру



Қатысушылар: БББО пән мамандары мен НЗМ мұғалімдері «Мәтінмен жұмыс функционалдық оқу дағдыларын дамытудың негізгі тәсілі ретінде» және «Математикалық сауаттылықты дамыту» тақырыптарында оқудан өтті. Тренингілер үздіксіз білім беру орталығының сарапшыларымен бірлесе өткізілді.



НЗМ мұғалімдері 9 пәннен: «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Ағылшын тілі», «Математика», «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология» және «География» пәндерінен оқушылардың функционалдық сауатын көтеру тақырыбында оқып шықты.



Мұғалімдерге функционалдық сауаттылықты көтеру бойынша әдістемелік қолдау көрсету мақсатымен **тапсырмалар жинағы** әзірленді. Жинаққа күрделілігі 4-6 деңгейіндегі PISA тапсырмалары топтастырылған.

Оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен әдістемелік құралдарды NIS-Programme бағдарламасына сәйкес әзірлеу және қайта қарау



8-сыныпқа арналған 9 пән оқулығы мен ОӘК енгізілді:

- | | |
|--------------|--------------------|
| • Математика | • Информатика |
| • Физика | • Қазақстан тарихы |
| • Химия | • Дүниежүзі тарихы |
| • Биология | • Өнер |
| • География | |

Заманауи оқыту тәсілдері қамтылды, оқушылардың функционалдық сауатын көтеріп, дағдысын қалыптастыруға көмектеседі



7-сыныпқа арналған пән оқулығы мен ОӘК енгізілді:

- Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1, Т2)
- Русский язык и литература» (Я1, Я2)

Мақсаты – оқушылардың оқу сауатын көтеру. 2024 жылдың қыркүйегінен бастап материалдар сынақтан өткізіле бастады.



Оқу материалдарын білім беру үдерісінің заманауи талаптары мен стандарттарын өңдегенде ескеру мақсатымен БББО мамандарына көмекші құрал ретінде «Оқу-әдістемелік кешенін өңдеу ерекшеліктері» **әдістемелік құралы** әзірленді.

Желілік NIS Hackaton 2024



168
оқушы

Мақсаты – қазіргі замандағы ақпарат жүйелері мен технологиялардың жұмысына, әзірленуіне және дамуына оқушылардың қызығушылығын туғызу, инновациялық идеялар мен шешімдер таба білу, сыни ойлау және топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту



Coursera цифрлық платформасына негізделген жазғы мектеп



315
оқушы



550
курс

Білім салалары курстарының танымалдығы, %



2.2. Қазақстандық бірегейлікті дамыту



17000-нан астам оқушы

«Ұрпақтар сабақтастығы», «100 күйдің тарихы», «Қазақ әндері», «Ұлы дала ақындары», «Замандастар жырлары», «Менің кіші Отаным», «Ауыл өмірімен танысу», «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» жобаларына қатысты.



1140 оқушы

Қазақстан Республикасы күніне орайластырылған домбырашылардың жыл сайынғы флешмобына қатысты



Қазақ тілінде

Қазақ тілі мен әдебиеті, География, Қазақстан тарихы, Құқық негіздері оқу тіліне қарамастан оқытылады



3200-ден астам оқушы

«Домбыра» міндетті жобасына қатысып, «Кеңес» «Келіншек» күйлерін орындады



36 жоба, 9 жүлделі орын

Ғылыми жобалар конкурсының желілік кезеңінде «Туған елге тағзым» зерттеу-өлкетану экспедициясының қорытындысы



94 қатысушы


«Тоғызқұмалақ» ұлттық ойыны бойынша желілік спартакиада



2.3. Әлеуметтік-эмоциялық даму



2.4. Физикалық даму



2.5. Интеллектуалды даму



13 000-нан
астам оқушы қатысатын

386
шығармашылық
үйірме

Шығармашылық іс-шаралар

1–9 сынып оқушыларының

89%-ы
10–12 сынып оқушыларының

71%-ы

Шығармашылық байқаулар

жүлделі орындар саны:
қалалық, облыстық
конкурстар – 48

Республикалық
конкурстар – 68

Халықаралық
байқаулар – 94

*Мейірімділік –
жүректің
байлығы, білім –
ақылдың азығы.*

Ы. Алтынсарин

1 111
оқушы

АРТ-фестиваль

Ақтау қ. ХББ НЗМ –
4 номинация

Тараз қ. ХББ НЗМ –
4 номинация

Орал қ. ФМБ НЗМ –
4 номинация

Республикалық дебат турнирі

қазақ және орыс
лигаларында

372
оқушы қатысты

Желілік дебат турнирі

ағылшын лигасы бойынша

110
оқушы қатысты



«100 кітап»

* Жоба шеңберіндегі іс-
шаралар:

Кітап лотосына өз кітабыңды
алып кел

Сүйікті бірінші бет

Күн дәйексөзі

Шеңберде оқу

Book Frenzy

BookPuzzle

Lego Poetry

Reading man

Әдеби аквариум

БАКА әдеби джемі

Оқу клубтары

Суретті кітаптармен жұмыс

Кітап әлемді бағындырады

* Жоба шеңберіндегі
акциялар:

Bookcrossing

*Құрмет,
ашықтық,
адалдық, патриотизм,
жауапкершілік,
еңбекқорлық және
шығармашылық отбасы
құндылықтары мен
дәстүрлер, денсаулық пен
әл-ауқат, жаһан
азаматы*

READx Bookcrossing «Кітап әлемді бағындырады»

Ауылдардағы және тірек
мектептердің кітапхана қорын
толықтыру мақсатымен

4 458
кітап берілді

5 619
оқушы, мұғалімдер
мен ата-аналар
«Сюрприз кітап – 2024»
«Кітап әлемді бағындырады»
акциясына қатысып

5 673
кітап алмасты



Кітапхана

- Оқу сауатын көтеруге
бағытталған іс-шаралар
- Ақпараттық сауатын көтеретін
іс-шаралар
- Оқу клубтары
- Суретті кітаптармен жұмыс
істеу
- «Кітап әлемді бағындырады»
акциясы

2.6. Түлектер қауымдастығы

Қоғамдастық туралы



ALUMNI NIS – 2018 жылы
тіркелген коммерциялық
емес ұйым



Түлектер саны
20 856 адам




Мақсаты – Назарбаев Зияткерлік
мектептері түлектерін біріктіру,
нетворкинг, фандрайзинг, қоғамға
қызмет ету, білім және тәжірибе
алмасу



Басты тұжырымдама – «Giving»
мәдениетін дамыту (НЗМ-де оқуға
берілген мемлекеттік грантпен алған
білімі мен ресурстарын қоғамға қызмет
етіп, зияткерлік, әлеуметтік, қаржы
капиталы арқылы қайтару)

«BELES» ЖОБАСЫ

НИШ түлектерінің
жетістікке жету тарихы



«AYALDAMA» ЖОБАСЫ

мансап мүмкіндіктері мен әртүрлі салалар бойынша
тағылымдамалар және т.б. туралы подкасттар



«TALIM» ЖОБАСЫ

ҚР мектеп оқушыларына арналған менторинг,
түлектер платформаны өздері әзірледі



NIS CHALLENGE ОЙЫНЫ

түлектер мен оқушылардың
зияткерлік ойыны



SAMGAU ФОРУМЫ

Мектеп бітірушілерге кәсіби бағдар беру форумы
Түлектер ҚР және шетел университеттеріне оқуға түсу
тәжірибелері жөнінде айтуда



FUNDRAISING BALL

түлектердің қайырымдылық балы жыл сайын
ауыл мектебінің оқушысына грант тағайындау
мақсатымен қаражат жинау үшін өткізіледі



MEDIA

EVENT

3. Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы


3.1. Педагог мамандарды іріктеу және кадр резерві

2024 жылы конкурс арқылы іріктеу үш уақытта: 12 маусымда, 8 және 16 тамызда өтті. Қатысушылар саны – 1998 педагог, бұл көрсеткіш 2022 (2948 педагог) және 2023 жылдармен (2105 педагог) салыстырғанда аз.

№	Мектеп	2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл	
		барлығы	ұсынылған	барлығы	ұсынылған	барлығы	ұсынылған
1	Ақтау	93	12	93	16	90	27
2	Ақтөбе	92	19	68	15	73	26
3	Алматы ФМБ НЗМ	139	47	107	30	68	27
4	Алматы ХББ НЗМ	221	65	148	40	86	43
5	Астана ХБМ	99	25	72	26	104	36
6	Астана қ. ХМ	197	46	183	30	166	42
7	Астана ФМБ НЗМ	138	41	150	42	96	26
8	Атырау	41	9	30	6	66	17
9	Қарағанды	122	24	68	11	77	24
10	Көкшетау	133	23	65	12	104	26
11	Қостанай	83	25	25	7	21	6
12	Қызылорда	87	10	35	6	32	12
13	Павлодар	145	40	79	15	74	29
14	Петропавл	156	32	78	10	60	12
15	Семей	74	23	80	16	75	22
16	Талдықорған	177	19	94	15	80	22
17	Тараз	159	25	121	22	58	9
18	Түркістан	358	57	301	52	326	68
19	Орал	87	18	83	16	48	16
20	Өскемен	100	15	48	13	61	14
21	Шымкент ФМБ НЗМ	68	15	71	10	60	20
22	Шымкент ХББ НЗМ	179	25	106	17	173	43
БАРЛЫҒЫ		2948	615 (21 %)	2105	427 (20%)	1998	567 (28%)

Қатысушылардың 28%-ы шекті деңгейден өтті (1998 адамның 567-сі). Бұл деректі 2022 және 2023 жылдар көрсеткішімен салыстырар болсақ, қатысушылардың пайыз көрсеткіші өскенін байқауға болады. Мұның өзі бағалау құралдарының дұрыс, конкурспен іріктеу рәсімдерінің сенімді екенін, сондай-ақ соңғы үш жылда қатысушыларға бірдей талап қойылатынын көрсетеді.

Мектептер бойынша шекті деңгейден өткен үміткерлердің үлесі



Шекті балл жинаған үміткерлер саны әр мектепте әртүрлі. Шекті деңгейден өткен ең көп үміткер республикалық маңызы бар қалаларда байқалады: Алматы ХББ НЗМ (50%), Алматы ФМБ НЗМ (40%), Астана ХБ (35%), ең азы – Шымкент ХББ НЗМ (25%).

Облыс орталықтарының ішінде Павлодар қаласының үміткерлері ең жоғары (39%), ал Тараз қаласының үміткерлері (16%) ең төмен нәтиже көрсетті. Бұл ретте жеке қалаларда конкурс арқылы іріктеуге қатысқан үміткерлердің көпшілігі шекті балл жинаған қатысушылардың санына әсер етпейді. Атап айтқанда, Түркістан қаласында үміткерлердің жалпы саны – 326, алайда шекті деңгейден 21%-ы ғана өткен.


Нәтиженің төмендігі үміткерлердің дайындығының аз, тәжірибесінің жеткіліксіздігімен байланысты болуы мүмкін.



3.2. Кәсіби маман әлеуеті

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы кадр есебі бойынша Зияткерлік мектептер мен халықаралық мектепте қазақстандық мұғалімдердің саны – **2616**,


оның **2425**-і Зияткерлік мектептерде, **191**-і Халықаралық мектепте қызмет атқарады.



Мұғалімдер саны қысқарғанмен, әйелдер және ер адамдардың пайыз көрсеткіші шамалы өзгерсе де, салыстырмалы түрде тұрақты екені көрінеді.

Жыл	Тағылым- дамадан өтуші мұғалім	Мұғалім	Модератор- мұғалім	Сарапшы- мұғалім	Зерттеуші- мұғалім	Шебер- мұғалім	Барлығы
2022 жыл	301	800	1107	520	7	1	2736
2023 жыл	257	839	986	649	8	1	2740
2024 жыл	212	751	916	728	8	1	2616*

Сарапшы мұғалімдер санының өскені, ал тағылымдамадан өтуші мұғалімдер, мұғалімдер мен модератор мұғалімдердің саны азайғаны байқалады.



Мұғалімдерді жасқа байланысты жіктесек, 2024 жылы жас педагогтер (30 жасқа дейін) мен 31–40 жастағы мұғалімдер саны кеміп, 40 жастан асқан мұғалімдер саны артқан.

Шетелдік педагогтер

2024 жылы үштілді білім беру ортасын дамыту, қазақстандық мұғалімдердің академиялық деңгейі мен бейіндік пәндерді («Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» және Халықаралық бакалавриат бағдарламасының пәндері) ағылшын тілінде оқыту әдістемесі бойынша әлеуетін көтеру жұмысы шетелдік педагогтерді тарту арқылы жалғастырылды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Зияткерлік мектептерде 84 шетелдік педагог қызмет атқаруда. Олардың ішінде 11-і (13%) – PhD, 49-ы (58%) – магистр, ал 68-і (80%) PGCE, IBDP, TESOL, ESL, TEFL, CELTA секілді халықаралық сертификаттарға ие.


3.3. Кәсіби даму және өсу

Педагогтер аттестациясы

2024 жылы қаңтар-маусым айлары аралығында 2023–2024 оқу жылының аттестациясы өтті. Аттестацияға қатысуға 315 мұғалім, 95 қосымша білім беру педагогтері өтінім білдірді. 2024 жылғы аттестаттау


қорытындысы бойынша 293 (93%) мұғалім өзі дiт-теген педагогикалық шеберлiк деңгейiне сәттi өттi. Бұл көрсеткіш 2023 жылдың қорытындысынан 21%-ға жоғары нәтиже.

Аттестация нәтижелерінің динамикасы, %




Үш жылдық бағалау нәтижелерін салыстырмалы талдағанда, «NIS мұғалімі» және «NIS сарапшы-мұғалімі» педагогикалық шеберлік деңгейлерінде айрықша өзгерістер болғаны байқалады. «NIS мұғалімі» деңгейіне өтуге өтінім берген мұғалімдер саны 2023 жылы

35%-ға және 2024 жылы 92%-ға төмендеген; «NIS сарапшы-мұғалімі» деңгейіне өтуге өтінім берушілер 2023 жылы 25%-ға өсіп, 2023 жылы 30%-ға төмендеген.



2022, 2023 және 2024 жылдардағы міндетті және мерзімінен бұрын аттестаттау үдерістерін салыстырғанда, «NIS модератор-мұғалімі», «NIS

сарапшы-мұғалімі» және «NIS зерттеуші-мұғалімі» деңгейлеріне өту міндетті аттестациясынан өткен педагогтер саны артқаны байқалады.



Аттестациядан сәтті өтуі үшін аттестациялардың аралық кезеңінде және аттестация барысында мұғалімдерге жүйелі түрде әдістемелік қолдау көрсетіледі. Мәселен, 2024 жылы педагогикалық

өлшеулер орталығының courses.cpi-nis.kz платформасында тренерлерді кәсіби дамыту курстарында оқыту ісі жалғасты.



педагог «Өзіндік тәжірибені дамытуды басқару» курсында оқыды



педагог «Педагогтерді кәсіби дамытатын тренер» бағдарламасы бойынша оқыды

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы есепке сүйенсек, педагогтерді кәсіби дамытуға бағдарланған 190 тренер дайын.

Тамыз конференциясы

2024 жылы Ақтау қаласында Зияткерлік мектепте өткен дәстүрлі конференцияда плагиат, авторлық құқықты қорғау, креатив ойлау және академиялық адалдық мәселелері қарастырылды.

Зияткерлік мектептер директорлары оқу жылының тәжірибесі және қорытындылары жөнінде айтып, білім беру ісіндегі академиялық адалдықтың маңызына айрықша тоқталып өтті.

Конференцияда «Табысты тәжірибелер панорамасы» онлайн-көрмесі ұйымдастырылды. Конференцияға

қатысушылардың электронды дауыс беруі арқылы 6 пән бойынша үздік оқыту кейстерінің авторлары анықталды.

Конференция аясында ICBT халықаралық мектебінің бизнес-тренері Людмила Серікбаева «Лидерство 360: Эффективные коммуникации на высоте» курсын өткізді. Аталған курста Зияткерлік мектептер басшылары көшбасшылықтың жаңа моделіне көшуді, басқарудағы заманауи талаптар мен үрдістерді, өзгермелі қоғамдағы көшбасшының ролін талқылады.



100
педагог



3500
қашықтықтан

НЗМ ДББҰ Басқарманың төрағасы Әнуар Жанғозин баяндамасында «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасының нәтижелерін жеткізді. Бұл жоба Президенттің тапсырмасымен кадр резервін қалыптастыруға бағытталған.

– Бүгінде осы жоба аясында **438** педагог білігін көтеріп, оның 150-і мектеп директоры лауазымына тағайындалды. Сондай-ақ мектеп директорының

орынбасарлары лауазымындағы 159 адам біліктілікті көтеру курстарынан өтуде. Биыл Маңғыстау облысында тірек мектептер желісін қалыптастыруға бағытталған «Отпан» жобасын іске асыра бастадық. Осы жоба арқылы 45 мектепке әдістеме тұрғысынан қолдау көрсетіледі. «Аманат» партиясымен бірлесіп «Бақуатты аймақ» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату жұмысында ерекше рөл атқарады.



ЖЫЛ САЙЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН
ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДӘУІРІНДЕГІ
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

AQTAU
2024



Семинарлар, тренингтер, вебинарлар



1724 Зияткерлік мектеп мұғалімдері PISA–2025 зерттеу тұжырымдамасы бойынша оқу, математика және жаратылыстану ғылымдарынан сауаттылықты көтеру семинарларына қатысты.



452 Зияткерлік мектептер мұғалімдері әдістемелік тұрғыдан қолдау аясында Атырау қ. ХББ НЗМ және Семей қ. ФМБ НЗМ-де өткен 18 тренингіге қатысып оқып шықты.



103 Зияткерлік мектептер мұғалімі пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) әдістемесі бойынша оқыды.




26 БББО қызметкері ДББҰ-ның Кембридж университетімен (Effective Curriculum Implementation: Monitoring, Reporting and Research) аккредиттеу келісімі шеңберінде оқыды.



25 қатысушы (БББО қызметкерлері мен Зияткерлік мектеп мұғалімдері) Эстонияның үздіксіз білім беру орталығының сарапшыларымен бірлесе тренингілерге қатысты.

Пән тренингілеріне қатысқан НЗМ мұғалімдерінің саны





«NIS USTAZ»
БАСТАУЫШ СЫНЫП
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
мұғалімдерінің
кәсіби қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
АФЫЛШЫН ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ мұғалімдерінің
кәсіби қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ЖПЖЖ мұғалімдердің
кәсіби қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
МАТЕМАТИКА
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ФИЗИКА
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ХИМИЯ
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
БИОЛОГИЯ
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ИНФОРМАТИКА
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ГЕОГРАФИЯ
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы


«NIS USTAZ»
ЭКОНОМИКА
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ӨНЕР пәні
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы

«NIS USTAZ»
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ пәні
мұғалімдерінің кәсіби
қоғамдастығы



«NIS USTAZ» мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы аясында көп жұмыс істелді. Қоғамдастыққа бастауыш, негізгі және жоғары мектеп пәндерінің 2249 мұғалімі қосылды.

Кәсіби қоғамдастық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру, мұғалімдердің білігін көтеру және пәндер бойынша кәсіби тәжірибе алмасу мақсатымен құрылған.

3.4. Педагогтердің жетістіктері



298 адам

халықаралық
конференцияларға,
конкурстарға қатысты



25 адам

білім беру жөніндегі
республикалық
конференцияларға,
форумдарға қатысты



200 адам

республикалық кәсіби
конкурстар мен
олимпиадаларға қатысты

NIS мұғалімдері – «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық байқауының жеңімпаздары



1-орын – Александр Шерцер, NIS Қостанай,
«Развитие навыков кибербезопасности при
решении прикладных задач»

1-орын – Малика Дузбаева, NIS Өскемен,
«Вовлечение в научное исследование учащихся
дифференцированного класса через применение
подхода STEAM-обучения»

1-орын – Айнұр Бекеева, NIS Қызылорда, «English
for Information and Media Literacy»

2-орын – Нұрғазы Тұрсынғазин, NIS Семей,
«Математика әлемі: логика, геометрия, сандар
теориясы және алгебра тарауларына шолу».

3-орын – Қазыбек Каныбеков, NIS Атырау, «Азы
предпринимательства».

«Математикалық регата» республикалық олимпиадасы



Жалпы командалық 3-орын:
Сәбит Бәймен, NIS Қызылорда;
Шаймерденов Бауыржан, NIS Түркістан;
Ғабдуллина Әсел, NIS Шымкент ФМБ;
Құрманбаев Айдар, NIS Семей

Олимпиада резервіндегі мұғалімдер мен тренерлердің VI халықаралық ашық шығармашылық байқауы

17 жүлдегер мен жеңімпаз, физика, математика,
информатика мұғалімдері

1-орын – Сәді Айбын, математика пәнінің мұғалімі,
NIS Алматы ФМБ;

1-орын – Сұлтан Рамазан, информатика пәнінің
мұғалімі, NIS Алматы ФМБ

«Қазақстан мұғалімі» ұлттық премиясы NIS -тің 3 мұғалімі үздік 10-дықта



Мирлан Жусамбаев, NIS Тараз;
Гүлзат Шынтасова, NIS Қызылорда;
Александр Шерцер, NIS Қостанай

NIS Атырау мұғалімдері Ирландияның Дублин қаласында бірегей жоба ұсынды

Атырау қ. НЗМ химия пәні мұғалімдері Syed
Abbas Asif және Рахымжан Қосанов Еуропа химия
ғылымдарының IX халықаралық конгресінде «Су –
сутегі электрохимиялық элементі» тақырыбында
бірегей зерттеу жасады

NIS мұғалімдері «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық байқауының жүлдегерлері атанды

2-орын – Тоқтарбекова Ақмарал, NIS Өскемен

3-орын – Нұрбаева Арай, NIS Қызылорда

3-орын – Ажмұхамбетов Әмір, NIS Қостанай

Грамота – Кошкин Сергей Петрович, NIS Көкшетау

Жылдың үздік психолог-педагогтері



I дәрежелі диплом – Жанна Арынбаева,
NIS Түркістан, «Предэкзаменационная
психологическая поддержка учащихся».

II дәрежелі диплом – Радмира Мұханова,
NIS Атырау педагог-психологі, жасөспірімдер
арасында буллингтің алдын алу жөніндегі
«SpeakUp» бағдарламасы.

KZ креаторларының TikTok-i NIS мұғалімі үздік 3-тікте



Мирлан Жусамбаев,
NIS Тараз,
Орталық Азияда TikTok-та
(@physicsphenom) білім беру
контенті конкурсының бас
номинациясының иегері

4. Мектеп қауымдастығының әл-ауқаты

4.1. Оқушылардың әл-ауқаты

4.2. Мұғалімдердің әл-ауқаты



Мектеп әл-ауқатының индексі – **72,3%**

Зияткерлік мектеп оқушыларының әл-ауқатының индексі – оқушылардың алаңсыз білім алуына әсер ететін факторлар мен көрсеткіштерге негізделген, мектептің жайлы орта деңгейін бағалайтын жиынтық көрсеткіш.

Мұғалімдер әл-ауқатының индексі – қызметкерлердің жағдайы мен қанағаттанушылығын бағалайтын көрсеткіш. Ол екі негізгі метрикадан: қанағаттанушылық және қатысушылық деңгейінен тұрады.

Индекс компоненттері

Индекс компоненттері



Педагогтер



Қарым-қатынас



Ата-аналар



Мүмкіндіктер



Денсаулық



Психологиялық қолдау



Ережелер, рәсімдер, саясат



Бағалау



Ғимарат, қауіпсіздік



Кәсіптік бағдар беру



Материалдық әл-ауқат



Мектепке көңілі толу



Жұмысты орындау



Жалақы



Жұмыстың сипаты мен құндылығы



Өзгермелі сыйақы



Коммуникация



Ілгерілеу



Әріптестермен қарым-қатынас



Қызметкерлердің қызығушылығы

Басшымен қарым-қатынас

Дереккөздер

Сауалнамаға қатысты:

15 665 оқушы (85,3%)

13 059 ата-ана (67,8%)

Сұхбат алынды: 233 оқушы



67,1%

2024 жылы балалардың
әл-ауқатының жалпы индексі

Дереккөздер

Сауалнамаға қатысты: 2225 педагог (85,1%)

Педагогтердің қанағаттанушылық көрсеткіші – **78 %**

Педагогтердің қызығушылық көрсеткіші – **78 %**



77,5%


2024 жылы мұғалімдер
әл-ауқатының жалпы индексі

4.3. Психологиялық қызмет

Зияткерлік мектептердің психологиялық қызметтері 2024 жылы да оқушыларға, ата-аналарға және педагогтерге арналған түрлі бағдарламалармен әлеуметтік-эмоциялық даму, мінез-құлық пен оқумен байланысты қиындықтардың алдын алу және оларды еңсеру жүйесін іске асыру жұмысын жалғастырды.

Ерекше тәсілмен сабақ беруді қажет ететін және түрлі қиындықпен бетпе-бет келген оқушыларға жеке көмек көрсету мақсатымен психолог педагогтер оқушыларға, ата-аналар мен әріптестеріне 13,8 мыңнан астам кеңес беру сабағын өткізді.

Мектептердің педагог-психологтары өткізген кеңестер



2 233 оқушы
7-сыныптарға арналған
бағдарлау апталығы



988 оқушы
«Берік отбасы» бағдарламасы



2 102 оқушы
«Калейдоскоп»
психологиялық ойыны



2 865 оқушы
Жеке тұлға болып қалыптасу
жөніндегі «Өзіңмен-өзің бол
және басқалармен аралас»
электив курсы



2024 жылы Зияткерлік мектептерде буллингке қарсы KiVa бағдарламасы енгізілді.

- 2024 жылдың сәуір айында семинар-тренинг өткізіліп, Зияткерлік мектеп педагогтері арасынан 90 өңірлік тренер дайындалды.
- 2024 жылдың қыркүйегінен бастап 1, 7 және 8-сыныптарда KiVa сабақтары өткізілді.
- Мектептерде KiVa топтары құрылды. Топ алгоритм бойынша буллинг жағдайларын талдайды.

Сонымен қатар KiVa бағдарламасы жалпы білім беретін пилоттық 79 мектепке, Астана қаласының 5 мектебіне, Алматы қаласының 2 мектебіне және Шымкент қаласының 2 мектебіне енгізілуде. 2024 жылдың тамызында осы мектептердің 345 педагогі осы бағдарлама бойынша оқып шықты.



4.4. Мектептегі медициналық қызметтердің жұмысы



Мектептердің медицина пункттері 59,8 мың рет пациент қабылдаған, демек, жылына 1 оқушы шамамен 3,1 рет медициналық пункттерге жүгінгені



Оқушылар дифтерия, сіреспе, қызылша, қызамық, паротит, адам папиллома вирусы және басқа ауруларға қарсы егілді



Профилактикалық медициналық тексеру шаралары ұйымдастырылып өткізілді: бірінші жартыжылдықта оқушылардың 82,3%-ы, екінші жартыжылдықта 93,2%-ы тексерілді



Оқушылар, ата-аналар мен мектеп қызметкерлеріне арналған аурулардың алдын алу және саламатты өмір салтын насихаттау жөнінде ақпараттық түсіндіру жұмыстары атқарылды

4.5. Оқушылардың мектептегі тамақтануы



Оқушыларды тамақтандыру мәселесі қайта қаралды: теңдестірілген мәзір әзірленді, ақуыз бен көкөністердің үлесі арттырылып, қарапайым көмірсулардың мөлшері азайтылды




ДББҰ филиалдарында оқушыларға екі түрлі екінші ыстық тағамдар мен гарнирлерден таңдау жобасы біртіндеп енгізілді



Назарбаев Зияткерлік мектептерінде тамақтануды ұйымдастыру ережелері әзірленіп бекітілді



Мектептегі тамақтану сапасына толық көңілі толатын ДББҰ филиалдарының оқушылары (оқушылардың әл-ауқаты индексын анықтау шеңберіндегі сауалнаманың нәтижелері)



5. Білім беру сапасын бағалау

5.1. Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингісі

Жылына 2 рет 7–10 сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жасалады



қаңтар айында



қыркүйек айында



24 561 оқушы қатысты



13 165 оқушы қатысты


Мониторинг жасалған пәндер

Қазақ / орыс тілі мен әдебиеті (Т2)

Математика

Ағылшын тілі

Математика, 2023–2024 оқу жылы



Concerto платформасында компьютерлік адаптив тестілеу (cat) технологияларын енгізу жалғасуда.

Мониторинг қорытындысы бойынша әзірленді:



185 617

егжей-тегжейлі жеке есеп



50 652

жеке прогресс туралы есеп



2 972

сыныптар бойынша есептер (топтық)



Деректер егжей-тегжейлі талданды, пәндер мен сыныптардың мықты және әлсіз жақтары қарастырылды.



Қосымша қолдау қажет ететін оқушылар тобы анықталды.



Оқу үдерісін жақсарту жөнінде мұғалімдерге ұсыныстар дайындалды.

5.2. Зияткерлік мектептердегі критериал бағалау жүйесі

